# «Тобыл-Торғай әуені» кітабы жарыққа шықты

**Музыка антологиясын құрастыру Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізінде жүзеге асып отыр. Кітаптың шығуына Қостанай облыстық мәдениет басқармасы қолдау білдірген.**



Үлкен еңбектің нәтижесі көпшілікке Облыстық Дала өлкесі тарихы музейінде таныстырылды. Кітаптың тұсаукесеріне қатысқан Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Түбекбай ӘУБӘКІРОВ, Қостанай облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан ҚАЛМАҚОВТАР жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Жоба авторы Облыстық дала өлкесі тарихы музейінің ғылыми қызметкері Батырлан САҒЫНТАЕВ болса, ақылдастар алқасының құрамында: белгілі өнертанушы Қайыржан МАҚАНОВ, ҚР Мәдениет қайраткері Бораш ӘБЕНОВ, өлкетанушы Мұхтар ХОДЕНОВ, ф.ғ.к Айбек ҚАЛИЕВ және музей директоры Асхат ХАСЕНОВТЕР бар.

Кітаптың алғысөзін белгілі жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақ ұлттық университетінің профессоры Алмас АЛМАТОВ жазған.

Жинақта: әндер мен күйлердің ноталары, осы өңірдің музыка мұрасына қатысты жазылған мақалалар, тарихи тұлғалардың фото-суреттері , кіріспе мақалалар мен әндерге түсініктемелер арқылы жарияланған мұралар, олардың авторларына қатысты мәліметтер берілген.

–Біз бұл жинақта XIX-XX ғасырда өмір сүріп, аймағымызға аты шыққан дәстүрлі музыка өкілдерін барынша қамтып беруге тырыстық. Аталған басылымның жарық көруі – өңіріміздің өткен ғасырлардағы музыка мәдениетінің, жалпы халық шығармашылығының қандай күйде болғандығын, ән мен күй мұрасының, рухани мәдениетінің тарихын әділетті де жан-жақты бағалауға аз да болса мүмкіндік туғызады деп ойлаймыз,-дейді кітап шығарушылар.

Тұсаукесерде сондай ақ, айтыскер ақын Айбек ҚАЛИЕВ, музейдің ғылыми кеңесінің мүшелері, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты жанынан құрылған «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Роман Аймағамбетұлы, өлкетанушы, қолөнер шебері Шөптібай БАЙДІЛДИН, ҚР Мәдениет қайраткері Бораш ӘБЕНОВТЕР де сөз алып, аталған еңбектің ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу жолындағы құнды дүние екенін айтты.

Шара соңында келушілер жуықта ғана күрделі жөндеуден өтіп, жаңа кейіпке енген музей ішін аралап, көрмелерін тамашалап тарқасты.